



ж үндеу мөлдөрдөн көзін
жеке өзекіндең

Оралдық ғалымдар жерасты суларын халық игілігіне жаратуды көздейді

Оралдық ғалымдар жерасты сулары мен техникалық суларды жергілікті модификацияланган сорбенттерді колдану арқылы тазарту технологиясын әзірледі.

Суды үнемдеу – Қазақстандағы өзекті мәселелердің бірі. Мемлекет басшысы өзінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында суды үнемдеп пайдаланбаса, тез таусылатын шектеулі ресурс екендігіне айрыкша назар аудартқаны белгілі. Сонымен қатар су үнемдейтін технологияларды енгізу аса маңызды және шұғыл міндет екенін, оған тиімді тәсілдер ұсыну қажеттігін айтқан болатын. Осы ретте оралдық ғалымдар да өздерінің ғылыми жұмыстарында осындай маңызды әрі өзекті мәселені басшылыққа алды. Бұл жұмыстардың бір бөлігі шалғай аудандардағы мал шаруашылықтарында, жеке кожалықтарда пайдаланылатын жерасты суларын тазартуға бағытталған. Құдықтардан мал ішетін немесе ауызсу ретінде пайдаланылатын жерасты суларының көрмектілігі мен тұздылығы өте жоғары болғандықтан, жарамсыз болып табылады. Соган байланысты біздің ғалымдарымыз осы мәселені шешу мақсатында гранттық жобаға өздерінің ғылыми жұмыстарын ұсынған болатын.

Бұл жоба туралы профессор, техника ғылымдарының докторы Сәрсенбек Монтаев:

– Басты мақсат – жерасты суларын шаруашылыққа және тұрмысқа пайдалануға колжетімді ету. Бұл мәселені шешудегі тиімді әдістердің бірі – суды арнайы сорбенттер арқылы сұзгіден өткізіп, оның құрамындағы көрмектілігі мен тұздылығын азайтып, пайдалануға жарамды деңгейге жеткізу, – дейді.

Ғалымның айтуынша, бұл бағыттағы ғылыми жұмыстар Оралдағы Жәнгір хан университетінде екінші жыл қатарынан жүргізілуде. Алдымен Батыс Қазақстандағы жергілікті табиғи шикізаттарды пайдалану арқылы арнайы сорбенттердің құрамы мен технологиясы жасалған. Сол сорбенттер арқылы тұзды, көрмек дәмі бар жерасты сулары тазартылады. Сонымен қатар сорбенттер судын құрамындағы ауыр металдарды, патогенді бактерияларды да өз құрамында үстап қалады.

Қазіргі таңда университеттегі Индустріалды-технологиялық институтындағы Оқу-өндірістік орталығына ғалымдар жасаған зертханалық кондырығы орнатылған. Сол кондырығының көмегімен біздің ғалымдарымыздың технологиясымен дайындалған сорбенттер арқылы су сұзгіден өткізіліп, жарамдылығы қамтамасыз етіледі. Ал үшінші жылы сорбенттер арқылы суды тазарттың модульдік кондырығы құрастыру жоспарлануда. Оны жерасты сулары алынатын құдықтарға орнату көзделіп отыр. Нәтижесінде ғалымдардың технологиясын енгізу арқылы жерасты сулары пайдалануға жарамды болады деп күтілуде.

Суды үнемдеу мақсатындағы ғылыми жұмыстардың келесі бөлігі суды көп пайдаланатын өндіріс ошактарындағы, кәсіпорындардағы, әлеуметтік нысандардағы техникалық су калдықтарын тазартуға бағытталған. Яғни, оларды тазалап, кайта колдану деңгейіне жеткізу.

– Осы бағытта коммерциализациялық конкурсқа жобамызды ұсындық. Бұл жобаны қаладағы «Стеклосервис» мекемесімен бірлесіп жасадық. Егер жобамыз гранттық қаржыландыруға ие болса, үлкен жұмыс атқарылатын болады, – дейді ғалым-ұстаз Сәрсенбек Әлиакбарұлы.

ЛӘЗЗАТ ҚАЖЫМОВА,
БҚО Орал қаласы